

«БЕКІТІМНІ»
Мектеп директоры
А.Ж.Бекалиева
2023 ж. «9» 12

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Орта білім беру үйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру үйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) қызметін үйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

2. Қамқоршылық кеңес орта білім беру үйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру үйымдарының (бұдан әрі - білім беру үйымы) дамуына ықпал ететін және білім беру үйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;
- 3) еріктілік;
- 4) ашықтық;
- 5) жариялыштық пен шынайыштық.

3. Қамқоршылық кеңес мүшелері өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауга;

2) өз қызметін білім беру үйымымен, жүртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мұдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүзеге асыруға міндетті.

2-тaraу. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі

4. Қамқоршылық кеңесті тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құратын комиссия (бұдан әрі - Комиссия) сайлайды.

Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

5. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды, кемінде 7 (жеті) адам, оның ішінде мемлекеттік органдар өкілдерінің саны Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екісінен) аспайды.

Комиссия құрамына жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес үйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

6. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады.

Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды. Тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері Комиссияның хатшысы болып табылады.

7. Комиссияның жалпы құрамының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысқан жағдайда Комиссияның отырысы өткізілген және оның шешімі заңды болып есептеледі.

Комиссия шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының дауыстар басымдылығымен қабылданады. Дауыстар тен болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның барлық шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді, оған төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қояды.

8. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құнтізбелік жылдың 1 мен 10 қыркүйек аралығындағы кезеңде (Қамқоршылық кеңестің өкілдегін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде) Қамқоршылық кеңестің сайлануы жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландыруды, оның атауын, сапалық құрамын, сондай-ақ Қағиданың 9-тармағына сәйкес құжаттар мен мәліметтер жіберілетін почта және электрондық мекенжайларды көрсете отырып, өзінің интернет-ресурсында және/немесе тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Құжаттарды қабылдау хабарландыру орналастырылған күннен бастап құнтізбелік 20 (жиырма) күн өткен соң аяқталады.

9. Үміткерлер Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарламада көрсетілген мерзімде **Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:**

- 1) өтінім (еркін түрде);
- 2) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) қазақ немесе орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 4) білімі бар екендігі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Үміткерлер өздерінің кәсіби (немесе) қоғамдық қызметі туралы қосымша мәліметтер ұсынады.

10. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 1) осы білім беру үйіміндағы білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері (әрбір сынып параллельінен осы білім беру үйіміндағы білім алушылардың бір ата-анаы немесе заңды өкілі) – 11 адамнан аспайды;
- 2) педагогикалық еңбек ардагерлері (бар болса) – 1 адам;
- 3) жергілікті өкілді және/немесе атқарушы, және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдері – 1-3 адам;
- 4) үкіметтік емес (коммерциялық емес) үйімдардың өкілдері – 1-2 адам;

5) қайырымдылық жасаушылар және/немесе меценаттар (бар болса) – 1-2 адам;

6) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (бар болса) – 1 адам;

7) окушылық өзін-өзі басқару органдарының өкілдері – 1-2 адам.

11. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлерді ата-аналар жүртшылығының жалпы жиналысында іріктеуден өткен білім беру үйимдары ұсынады.

Ата-аналар жүртшылығынан үміткерлердің тізімі (әрбір сынып параллельінен осы білім беру үйиміндеғи білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі) осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жіберіледі.

12. Комиссия өтініштерді беру мерзімі аяқталған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде үміткерлер ұсынған құжаттарды қарайды, үміткердің осы Қағидалардың 9, 10, және 11-тармақтарына сәйкестігін бағалауды жүргізеді. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Комиссия 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес үміткерлерді іріктеуді жүргізеді.

Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлерді іріктеу кезінде білімінің болуы, кәсіби білімі, құзыреттілігі, іскерлік беделі ескеріледі.

Барлық қажетті рәсімдерді ескере отырып, Қамқоршылық кеңесті сайлау күнтізбелік жылдың 30 қазаннан кешіктірілмей аяқталады.

13. Қамқоршылық кеңестің сайланған құрамы тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Комиссия хаттамалық шешім шығарған күннен бастап 3 (уш) жұмыс күні ішінде бекітеді, сайланған құрамның тізімі олардың ресми интернет-ресурсында және білім беру үйимдарында орналастырылады.

3-тaraу. Қамқоршылық кеңестің функциялары

14. Білім беру үйымының Қамқоршылық кеңесі:

1) білім беру үйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды келіседі;

2) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған білім беру үйымының жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

3) білім беру үйымының бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар өзірлейді;

4) білім беру үйымының жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуі келіседі;

5) білім беру үйымы таңдаған оку жылының басталуы мен аяқталуының баламалы мерзімдерін келіседі;

6) білім беру үйымының эксперименттік білім беру бағдарламаларын келіседі;

7) тиісті деңгейдегі уәкілетті органдың атtestatтау комиссиясына біліктілік санатын беруге (растастау) кезекті атtestatтаудан өтуге оның жұмысының қорытындылары бойынша білім беру үйымының басшысына ұсыным хат ұсынады;

8) білім беру үйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуы туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін тандау жөнінде шешім қабылдайды;

9) жыл ішінде "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығына және "Бебек" ұлттық ғылыми-тәжірибелік, оқу және сауықтыру орталығына жіберілген білім алушыларға үміткерлердің тізімдерін келіседі;

10) білім алушылардың, ата-аналардың немесе өзге де занды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сакталуын бақылауды жүзеге асырады, олардың құқықтарын қорғауға, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен қорғауға жәрдемдеседі;

11) санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақ өнімдерінің сапасына, ішу режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

12) білім беру үйымы басшысының білім беру үйымының қызметі туралы есептерін жылына кемінде 2 (екі) рет тыңдайды;

13) қыын өмірлік жағдайдағы білім алушыларға қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін білім беру үйымдарының шотына түскен демеушілік қаражаттың жұмсалуын бақылайды;

14) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын отбасылардан шаққан білім алушыларға көмек көрсетуді үйымдастыруға жәрдемдеседі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды, ерекше білім алуды қажет ететін балаларды, дарынды балаларды қолдау шараларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

15) білім беру үйымының әкімшілігіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүргізуге жәрдемдеседі;

16) білім алушылардан және ата-аналардан немесе өзге де занды өкілдерден жасырын сұрау арқылы білім беру үйымындағы білім алушылардың оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне оқу жылы ішінде 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

17) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру үйымдарының мүдделері бойынша үйірмелерде және спорт секцияларында жұмыспен қамтылуына жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

18) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесіне мониторинг жүргізеді;

19) педагогикалық ұжымға білім алушылардың отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, білім беру үйымының әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар жиналышын өткізеді;

20) білім беру үйымының әкімшілігіне білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, қаңғыбастықтың, қайыршылықтың, қорлаудың, ойынга құмарлықтың алдын алуда жәрдемдеседі;

21) оқушылар арасында тәртіпті нығайтуға және мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар немесе өзге де занды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды шешуге көмектеседі;

22) білім беру үйымының қызметі бойынша мәдени-сауықтыру іш-шараларын, конференцияларын, кеңестерін, семинарларын өткізуге ықпал етеді;

23) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

Бақылау барысында анықталған бұзушылықтар кезектен тыс отырыстың қаруына шығарады.

15. Қамқоршылық кеңестің қызметі оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тaraу. Қамқоршылық кеңестің жұмысының ұйымдастыру тәртібі

16. Қамқоршылық кеңестің отырысы тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі.

Қамқоршылық кеңестің отырыстарын бейнеконференцбайланыс режимінде өткізуға жол беріледі.

17. Отырысты өткізу туралы ақпаратты Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелерін хабардар ете отырып, білім беру үйымының интернет-ресурсында орналастырады.

Интернет-ресурстағы ақпаратта отырыстың өткізу күні, уақыты және орны көрсетіледі.

18. Отырыстарға азаматтық қоғамның бақылаушылары қатысады.

19. Осы білім беру үйымының Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің арасынан Қамқоршылық кеңестің отырысында көпшілік дауспен ашық дауыс беру жолымен сайланатын оның тәрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

20. Тәраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және оның қызметін осы Қағидаларға сәйкес қамтамасыз етеді. Тәраға болмаған жағдайда оның функцияларын Қамқоршылық кеңестің құрамына кіретін жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

21. Білім беру үйимы қызметкерлерінің немесе тәуелсіз тұлғалардың арасынан сайланатын және қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайтын Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуі, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

22. Отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, Қамқоршылық кеңестің отырысы занды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне не адамға сенімхат бойынша беруіне жол берілмейді.

23. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады, хаттамамен ресімделеді және оған Қамқоршылық кеңестің тәрағасы қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда Қамқоршылық кеңестің тәрағасы немесе Қамқоршылық кеңес

төрағасының функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

24. Қамқоршылық кеңестің шешімдерін білім беру ұйымының әкімшілігі заңда белгіленген мерзімде тиісті шешімдер қабылдай отырып қарайды.

25. Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен барлық қатысып отырған мүшелері қол қояды және білім беру ұйымының басшысына келісуге енгізіледі.

26. Білім беру ұйымының басшысы Қамқоршылық кеңестің шешімімен келіспеген кезде келіспеушіліктер оларды еңсеру үшін қамқоршылық кеңестен және мектепке дейінгі ұйымнан қатысушылардың тең саны қатысатын комиссия (бұдан әрі – Келісу комиссиясы) құрылатын келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Келісу комиссиясының мүшелері өз құрамынан Келісу комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен төрағаны сайлайды. Келісу комиссиясы келіспеушіліктер туындаған шешімдерді қарайды.

Келісу комиссиясы шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Келісу комиссиясының шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. "Қолдаймын" немесе "қарсымын" дауыстар саны тең болған кезде келісу комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

27. Қамқоршылық кеңестің шешімдерін кеңес хатшысы білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырады.

28. Білім беру ұйымға қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жүмсалады.

29. Білім беру ұйымға қабылданған қайырымдылық көмектен түсімдер:

1) мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған білім беру ұйымдары үшін - Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде ашылған қайырымдылық көмекке арналған қолма-қол ақшаны бақылау шотына;

2) өзге ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған білім беру ұйымы үшін - екінші деңгейдегі банкте ашылған шотына аударылады.

30. Қайырымдылық көмектен түскен қаражат мынадай мақсаттарға жүмсалады:

- 1) білім беру ұйымының білім алушыларын әлеуметтік қолдауға;
- 2) білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;
- 3) дарынды балаларды қолдауға;
- 4) дамушы ортаны ұйымдастыруға.

31. Білім беру ұйымы жыл сайын қаржы жылдының қорытындысы бойынша осы білім беру ұйымының интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы ата-аналар қоғамдастығын өз қызметінің нәтижелері туралы хабардар етеді.

32. Қамқоршылық кеңестің мүшесі осы кеңестің қызметі шенберінде жеке деректерді қорғау, мемлекеттік және қызметтік қупия, коммерциялық қупия туралы қолданыстағы заңнамамен қорғалатын мәліметтерді үшінші тұлғаларға жария етуге болмайды.

5-тарау. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

33. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- 1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;
- 2) білім беру үйімі таратылған және қайта үйімдастырылған кезде;
- 3) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін;
- 4) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда жүзеге асырылады.

34. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан:

- 1) жеке бастама бойынша (Кеңес тәрағасының атына еркін түрдегі жазбаша өтініш негізінде);
- 2) кеңес отырыстарында дәлелсіз себептермен жыл ішінде үш реттен артық болмау себебінен шығарылады.